

*Ойлау түрлері мен
қасиеттері*

Интеллект



Интеллект (лат. *intellectus* — таным, ұғыну, аңдау) — жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты.

Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді. **Интеллект** - адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Интеллект - ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті.

Интеллект функциялары:

оқуға деген қабілеттілік;

қоршаған болмысының заңдылықтарын белсенді меңгеруге қабілеттілік. Бірқатар психологиялық тұжырымдамаларда интеллект ақыл-ой операцияларының жүйесімен теңестіріледі.



Теориялық және практикалық Интеллект жеке адамның эмоциялық- еріктік ерекшеліктерімен байланысты.

Интеллект түрлері:

1. абстрактылы интеллект,
2. ересектер зияты,
3. нақты интеллект,
4. кристалданғая интеллект,
5. қарапайым интеллект,
6. жануарлардың зияты,
7. жасанды интеллект.





Г.Эббингауз

Г.Эббингауз ойлауға өзінше анықтама бере отырып, бұл процесс адамның тұрақты идеясы және күйын мен идеялық шабысы арасындағы құбылыс деп бағалады.

Ойлаудағы күйын мен шабыс жайындағы Эббингауз бен оның пікірлестерінің бағытын біздер ассоциация психологиясының шарықтау шегіне жеткен көрініс деп атаймыз.

Ойлау-

**Өзіндік ішкі
қарама –қарсы
қайшылықтарға
толы процесс.**

**жалпы
психологияның
негізгі
бөлімдерінің бірі.**

**тұлға
рефлексиясының
қажетті
құрылымы және өзі
осы рефлексияның
объектісі**

**жоғары
психикалық
функциялардың
бірі болып
табылады**

Ойлау дегеніміз-сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының миымызды жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі.

Ойлау – бұл ерекше дәл,терең толық жалпы және жанама түрді шындықты бейнелеуге негізінен біздің түйсінуіміз бен қабылдауымызға мүмкін болмайтын заттар мен құбылыстардың арасындағы мәнді байланыстар мен қатынастарды бейнелеуге бағытталған сананың қызметі.

Ойлау-дербес процесс. Ойлауды психологиялық тұрғыдан зерттеу дегеніміз-оның ішкі ,танымдық құпия мәнін және жемісті болуының себебін ашып көрсету, яғни психология детерменизм принципіне сүйене отырып, ойлаудың мәнін зерттейді,әрбір адамның өзіндік ойлау ерекшеліктерін дамытып отыруға баса мән береді



Ойлаудың негізгі үш түрі кездеседі : ұғым, пікір, ой қорытындысы.

Ұғым – бұл заттар мен құбылыстардың жалпы және маңызды қасиеттерін бейнелейтін ойлаудың түрі. Ұғым бір-бірімен байланысты зат туралы түсініктерден –оның қасиеттері, жағдайлары, байланыстары және қатынастарынан тұрады. Әрбір зат, әртүрлі көптеген қасиеттерді, белгілерді иеленеді. Түсініктердің жиынтығы ұғымды ашып көрсетеді және осы ұғымның мазмұнын құрайды. неғұрлым заттың маңызды белгілері осы түсініктерде байқалса, соғұрлым мазмұны жағынан ұғым терең болады. Екі түрлі ұғымның түрі кездеседі: заттық немесе нақтылы және дерексіз.

Заттың нақтылы ұғымы дегеніміз- заттарға тұтас түрде қарау. Мысалы: адам, өсімдік, жануар т.б.

Дерексіз немесе абстрактылы ұғым дегеніміз-ұғымдардың заттар мен құбылыстарға тұтас түрде қарамай, тек жеке қасиеттерге, сапаларға және жағдайларға қатысты. Мысалы: адамгершілік туралы ұғым, ақша туралы ұғым т.б.

Ой қорытындысы- бұл тарихи қалыптасқан ойлаудың логикалық түрі, ол арқылы бір немесе бірнеше белгілі пікірлерден жаңа пікір туады. Ой қорытындысы үшке бөлінеді: индукция, дедукция және ұқсастық (аналогия)


Индукция дегеніміз- бірнеше жалқы немесе жеке пікірлерден бір жалпы пікір жасау.

Дедукция- бұл жалпы пікірлерден, деректерден жеке пікірлерге, деректерге көшудің жалпы заңдылықтар мен ережелерді білу негізінде жекелеген деректер мен құбылыстарды пайымдаудың тәсілі.

Аналогия- ұқсастық бойынша ой қорытындыларын жасау



Ой тәсілдері түрлерінің схемасы



Ойлаудың дара ерекшеліктері

Ойдың мазмұндылығы- заттар мен құбылыстар, шындықтың салалары туралы сананың пікірлер мен және ұғымдармен жеткілікті болу дәрежесін айтамыз. Адамда неғұрлым ой көп болса және неғұрлым әртүрлі болса, соғұрлым оның ойлауы мазмұнды және бай келеді. Бірақ ойлаудың мазмұндылығы тек бар ойлаудың сапалық жағымен ғана сипатталып қоймақды, сонымен қатар осы ойлауда бейнеленеді. Сондықтан да ойдың мазмұндылығына тек байлығы емес, сонымен қатар оның тереңдігі жатады.

Ойлаудың тереңдігі- ойлауда ерекше маңызды қасиеттер мен салалар, ерекше маңызды байланыстар мен қатынастар бейнеленеді. Ойлаудың мазмұндылығы байлығы, ал тереңдігі адамның іс-әрекетімен, оның білімімен тәжірибесімен, қиялының даму дәрежесімен айқындалады.

Ойлаудың дербестігі- адамның өзіне жаңа міндеттерді қоя білуі, басқа адамдарың көмегінсіз бұл міндеттерді өзінің айрықша әдістерімен шеше білуі. Ойлаудың дербестігі ойдың белсенділігіне, икемділігіне, жеке сын тұрғысынан қарауында.

Ойдың белсенділігі- өзінің жаңа сұрақтары мен міндеттерін қоя білуінде және іздену мен міндеттерді шешу үшін жолдар мен тәсілдерді табуға талпынуында аңғарылады.

Ойдың икемділігі- міндеттерді шешуде алынған біржақты ескірген тәсілдерден еркін болу ептілігінде, міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін тез ұйымдастыру немесе таңдауында байқалады.

Сын тұрғысынан ойлау- ақиқат және жалға ретінде басқаның немесе өзінің ойларын тексеру мен бағалау қабілеттілігінде аңғарылады. Сын тұрғысынан ойлауды айтылған ойлардың практикалық өмірлік құндылығын тексеру ептілігінде аңғарамыз. Сыни ойлау- бұл өзінің және басқаның ойларына өте қатаң қарау.

Ойдың ұшқырлығы- қойылған сұраққа түпкілікті жауаптың қаншалықты уақыттың ішінде алынғандығымен анықталады. Яғни, бұл уақыт қарапайым ойлау үрдісінде біршама қысқа болады, ал күрделі ойлау үрдістерінде ұзақтау болады. Кейбір адамдарда күрделі ой тәсілдері өте тез іске асады. Бұл адамдар тапқыр , ойдың ұшқырлығымен ерекшеленеді.

Ойлау формалары ұғым, пікір, ой қортындысы.

Ой қорытындысы

Дедукциялы ой - жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қортындысы.

Индукциялы ой - жекеден жалпыға қарай жасалатын ой қортындысы.

Традукциялы- жеке - дара жағдайдан жекеге қарай өрбіп отыратын ой қортындысы.

Интеллектті зерттеу

Ғылыми зерттеудің объектісі ретінде интеллект түсінігін психологияға ХІХ ғасырдың соңында Ф.Гальтон еңгізген. Гальтон бойынша интеллект туқым қуалаушылық жолымен берілетін қабілет. Осындай көзқарас бірінші интеллект тесттердің негізінде жатыр. Бине, Кеттелл, Термен даму жағдайларына тәуелсіз қабілетті өлшейміз деп есептеген. Психологияда интеллект туралы бір көзқарас жоқ. Интеллект мәнісін түсіндіретін бір неше амал бар:

Оқуға деген қабілет (А. Бине, Ч. Спирмен, с.Колвин, Г. Вудроу т.б.)

Абстракциялармен жұмыс істеу қабілеті (Л.Термен, Р.Торндайк, Дж. Петерсон)

Жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті (В. Штерн, Л. Терстоун, Эд. Клапаред, Ж.Пиаже)

Әр амалдың кемшіліктері бар. Мысалы, егер интеллекті оқуға қабілет ретінде қарстыруға болады, бір оқу нәтижесі тек қана интеллект деңгейіне емес көптеген факторларға тәуелді екендігі мәлім. Егер интеллекті абстракті ойлаумен байланыстырсақ, онда интеллект түсінігі шектеледі. Егер интеллектіні бейімделу процессі арқылы қарастырсақ, онда біз интеллекттің функциясын анықтаймыз, бірақ оның мәнісі белгісіз болып қала береді.

Сонымен қатар, адаптация терминін психологтар бірдей түсінбейді. Сонымен интеллект мәнісін түсіндіруде байқалған сәтсіздіктер интеллект түсінігін интеллектуалды орындау түсінігі арқылы қарастыруға әкелді. «Интеллект деген не?» сұрағы «қандай жүріс-тұрыс интеллектуалды болады?» сұраққа ауыстырылды. XX ғасырда пайда болған тесттерге интеллектуалды жүріс-тұрысты (интеллектуалды орындауды) талап етеін проблемалық сұрақтар кірді. Сондықтан, кейбір психологтар интеллект бұл интеллект тесттері арқылы анықталатын құбылыс деді. (Бине, Спирмен. Тернер).



IQ коэффициенті интеллект синонимы ретінде қарастырылды. Ендігі пайда болған сұрақ интеллект тесттеріне кіретін тапсырмалардың мазмұны қандай болу керек? Бұл сұраққа бір жауап табылған жоқ. IQ көрсеткіші бір топ шеңберінде аса өзгермейді. Яғни, бала кездегі IQ көрсеткіштері ересек кездегі IQ көрсеткіштерімен тығыз байланысты болып шықты. (корреляция коэффициенті 0.8)

IQ коэффициенті адамның өмір сүру жағдайларын және мәдени ерекшеліктеріне тығыз байланысты екендігі дәлелденген. Яғни, адамның интеллект деңгейіне өмір сүру салты, тәрбиелеу, білім деңгейі, мотивация сияқты факторлар әсер етеді. Осы жайла А.Анастази былай деп жазған: «Интеллект тесттері адамның осы сәтте не істей алатынын көрсетеді. Неге ол тестті осылай орындағанын біз білмейміз. Бұл сұраққа жауап беру үшін біз осы аданың дамуын, мотивациясын, тағы да басқа қасиеттерін зерттеуіміз керек». Сонымен, біз интеллектуалды тесттер шын мәнісінде жалпы интеллект деңгейін өлшейді деп айталмаймыз, олар адамның ойлау әрекетінің кейбір ерекшеліктерін және кейбір қалыптасқан білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын анықтайды. Психодиагностикада «тесттік интеллект» немесе «психометрикалық интеллект» деген түсінік пайда болды. Швед психологы С. Боман айтқандай бұл түсінік адамның қабілетін белгілемейді, ол оның тестте берілген сұрақтарға дұрыс жауап беруін белгілейді.



ЕС

Күрделі психикалық процестердің бірі. Ес есте Қалдыру, қайта жаңғырту, тану, ұмыту секілді процестерден тұрады. Есте қалдыру, қайта жаңғырту, тану ес процестері болып саналады. Ес адам тіршілігінде маңызды орын алады. Есте қалдыру адамның өмір тәжірибесін байытады. Адамның есі үнемі дамып, жетіліп отырмаса, онда ол жаңа туған нәресте дәрежесінде қалып қояр еді. Өмір тіршілігіне қажетті нәрселердің бәрінің ес процесінсіз болуы мүкін емес. Ес осы заманғы психология ғылымының даму сатысында өзекті мәселенің бірі болып саналумен қатар, техникалық ғылымдар саласында да ерекше маңызды. Есті осы заманғы психология ғылымы тұрғысынан зерттеуде негізгі әрі жанды болып отырған — есте қалдырудың механизмі туралы мәселелер.

Қазіргі кезде ес туралы түрлі анықтамалар мен теориялық болжамдар бар. Алайда, тұрақты түрде тұжырымдалып, бір жүйеге түскен теория жоқ. Бұл жайт ес процесінің осы көзге дейін әртарапты қызу зерттелгендігін, ол жөнінде бірнеше ғылыми жорамалдар мен концепциялар және әртүлі идеялар бар екендігін көрсетеді. Соңғы жылдары ес психологиядан басқа ғылым салалары арқылы да қарастырылуда. Осы орайда, бүгінде естің механизмі мен оның заңдылықтары жайында қалыптасқан психологиялық және нейропсихологиялық бұрынғы бағыттарға қосымша үшінші бағыт — биохимиялық тұрғыда іздестіру қосылып отыр.


Адам өзінің өмірде көріп-естіп білгендерін, басынан кешіргендерін, түрлі ойлары мен сезімдерін, әрқилы іе-әрекеттерін, ұмыта бермейді. Олар баста сақталады, қажет кезінде қайта жаңғыртылады.

Сонымен, адамның бұрын қабылдаған нәрселері мен құбылыс Зейнелерінің, көңіл-күйлерінің ойда сақталып, қажет кезінде қайта жаңғыруы ес процесі деп аталады. Жүйке процесінің уақытына байланыстары негізінде бұрынғы қабылданғандар еске түседі. Есті бұл күйі қайта жаңғырту делінеді. Қайта жаңғыртуда тану мен еске түсіру қызметі бірін - бірі толықтырып отырады. Қабылданған нәрселердің есте қалғаны естің материалы делінсе, ал есте сақталып, қайта жаңғырғаны естің мазмұны болып саналады. Адам өзінің, басқалардың ойы мен бастан кешкен сезімдерін, іс-әрекеттерін сөз арқылы қайта жаңғыртады.

Ес туралы ілімдегі оның материалистік және идеалистік көзқарастар арасындағы талас-тартыстың, екінші жағы идеалиетік бағытты құрды. Алайда, бұл бағытта ее жөніндегі теориялық көзқарастар мен ой-пікірлерді кемелдендіріп, бір ізге түсіре алмады.




Әрбір адамның есінің өзіндік ерекшеліктері болады. Естің даралық ерекшеліктері оның күшінен байқалады. Кейбір адамдар күшті есімен ерекшеленсе, ал енді біреулеріне әлсіз ес тән. Ес сапасында белгілі дара ерекшеліктері аңғарылады. Жеке тұлғаның іс-әрекетін сипаттайтын естің даралық ерекшеліктері жеке тұлғаның қасиеттері болып табылады. Адамдар әр түрлі материалды әр түрлі тәсілдермен есте қалдырады. Біреулер суреттерді, адамдарды, заттарды, түстерді, дыбыстарды ерекше жақсы есте қалдырады. Бұлар көрнекілік — бейнелік түрдегі естің өкілдері болып табылады. Екінші бір адамдар ойларды, сөздік ережелер, ми ұғымдары, формулаларды және т.б. есте жақсы қалдыруға бейім тұрады. Олар сөздік-логикалық түрдегі естің өкілдеріне жатады. Үшінші топтағы адамдар көрнекілік-бейнелік және сөздік-логикалық естерді бірдей жақсы ұстайды.



Олардан басқа, есте қалдыру және қайта жаңғырту үрдісінде негізгі анализаторлардың қатысу дәрежесіне байланысты естің типтерін ажыратады. Осы тұрғыдан естің төмендегі түрлерін бөледі: көру, есту, қозғалыс және аралас естер (көру-есту, көру-қозғалыс және есту-қозғалыс). **Бір топтағы адамдар көрген заттар мен құбылыстарды есінде берік қалдырады, екінші топтағылар - естігенін ұмытпайды, үшіншілер - қозғалыс түйсіктерінің көмегімен, төртіншілері - аралас естің тәсілімен жақсы есте қалдырады.**

Естің жекелеген түрлері есте сақтайтын материалды қабылдауды іске асыратын анализаторлардың көмегімен ерекшеленеді. Шәкірттерді бақылай отырып, мынаны көруге болады, олардың ішінде біреулері оқу материалын есте іштей оқып отырып, ерекше берік қалдырады, екіншілері дауысын шығарып оқиды, үшіншілері есте қалдыру үшін жазып алады. Шәкірттердің арасында кеңінен тараған естің түрі — **аралас ес (көру — қозғалыс және есту — қозғалыс)**. ес өте сирек. Мектеп шәкірттерінде шамамен оны 3 пайыз аңғаруға болады. **Таза кездесетін** ы.

Естің даралық айырмашылығы адам іс-әрекетінің сипатына байланысты. Мұғалім оқушылардың есінің даралық ерекшеліктерін білуі қажет: ол балаға, бір жағынан, шәкірттің есінің күшті жақтарына арқа сүйеуге мүмкіншілік береді, екінші жағынан, естің әлсіз жақтарын дамытуға жағдай жасайды. Шәкірттердің ішінде материалды тез есте қалдыратын, бір-екі оқығанда өлеңдерді жаттап алуға бейім тұратын шәкірттер жиі кездеседі. Ондай шәкірттерге есте қалдыру үшін оқулықты бір қарағанда немесе мұғалімнің түсіндіруін зейін қойып тындап алса да жеткілікті.



Ассоциативті психологиялық теория

Бихевиоризм

Естің теориялары

Нейрондық теориясы.

Ақпараттық-кибернетикалық

Естің биохимиялық теориясы

Гештальттеория ретінде

Психоталдау

Сонымен қатар, ол түрлі әрекеттерден құрылса да немесе әріп, сөз, әлде ойдан құрылса да психикалық құбылыс болып табылады, оны психологтар ассоциация деп атайды. Ассоциациялардың Аристотель заманынан белгілі үш түрі бар. Олар: іргелестік, щсастық және қарама-қарсылық ассоциациялар. Бұл ассоциациялар жөнінде И. П. Павлов былай дейді: "Шартты байланыс... бұл, сірә, біздің бір мезгілдік ассоциация дейтініміз болса керек. Шартты байланыстардың генерализациясы ұқсастық ассоциациясы дегенге сфйкес келеді. Шартты рефлекснің (ассоциациясылық) анализі мен синтезі, сайып келгенде, ой әрекетінің негізгі процестерімен мәні бірдей норсе"

Естің нейрондық теориясы. Адам миының құпиялылары көп жағынан әлі ашылар емес. Ол ете құрылымды. Осы күрделі ақ - уызды жиынтықтың жаңа ақпарат топтап, оны сақтай алу қабілетін қазіргі күндегі психология онда жұрт жататын құрылымдық немесе химиялық өзгерістермен байланыстырып отыр. Бұл теорияның негізгі мәні мынада сете қалдыру мидің электрлік белсенділігімен, яғни мидағы химиялық не құрылымдық белсенділік қандай да бір жолмен ағзадағы электр қуатын арттырады. Бұл үшін қолай ес іздерін іске қосатын жүйке тізбегі болуы шарт. Физиологи зандарына орай нейрон жеткізген импульстер аксон (қозуды жеткізуші) арқылы бір жасушадан екіншісіне берілсді Аксонның жасушамен тоғысқан жері синапс деп аталады Сонымен, қысқа мерзімді не ұзақ мерзімді естің екеуі де бірдей қозушы немесе тежелуші жүйке элементтерінің бір-біріне әсерінен туындайды.



Естің биохимиялық теориясы Нәсілдік негізде жатқан химиялық процестер ашылуымен ғылымда сол процестің есте қалдыруға ықпалы жоқ па деген ой пайда болды. Әр ағза үшін тән болған генетикалық ақпарат ДНК (дезоксирибонуклейн қышқылы) молекулаларында шоғырланады, ал оны тасымалдау басқа (РНК) нуклеин қышқылының молекуласымен орындалады. ДНК ағзаға тән әр жаңа генетикалық есті өзінде сақтайтындықтан, оның өзі немесе РНК игерілген тәжірибені де бірден бірге өткізуі мүмкін дегеп болжам жасалды. Эксперименттер нәтижесінде тәнді құрайтын молекуланың химиялық құрылымы тіршілік иесінің тәжірибе топтауымен өзгеріске келетіні анықталды Бұл келесі сұрақты туындатты: үйрету барысында өзгерген РНК молекуласы жаңа пайда болған дағды жөніндегі мәліметті өзінде сақтай ма не сақтамай ма?

Гештальттерапия

XIXғасырдың аяқ кезінде естің ассоциативтік теориясының орнына кезекке **гештальттеория** келді. Теорияның негізгі ұғымы мен басты қағидасы алғашқы элементтердің ассоциациясы емес, ал оның тұтас ұғымы — гештальт болып табылады

Есті зерттеуге өзінің белгілі үлесін қосқан **П.И. Зинченко** мен **А.А. Смирновты** ерекше атауға болады. Олар ырықты және ырықсыз есте қалдырудың практикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға және басқа жағдайларға тәуелді екендігін жан-жақты зерттеді.



www.ZHARAR.com

Қорытынды

Естің іс-әрекеттік теориясына сәйкес әр түрлі елестетулердің арасында байланыстар - ассоциациялар ұйымдастыру, сонымен қатар материалды есте қалдыру, есте сақтау және қайта жаңғырту былай түсіндіріледі: адам есте сақтайтын материалмен жұмыс барысында не істейді, сонымен қатар мнемикалық үрдістер іс-әрекеттің тұтас құрылымында қандай орын алатындығына байланысты. Есте қалдыру амалының ерекшеліктерін ашып көрсететін әр түрлі қызықты деректерді А.А.Смирнов өзінің зерттеулерінде атап көрсеткен болатын-ды.

Ұғым – бұл заттар мен құбылыстардың жалпы және маңызды қасиеттерін бейнелейтін ойлаудың түрі. Ұғым бір-бірімен байланысты зат туралы түсніктерден –оның қасиеттері, жағдайлары, байланыстары және қатынастарынан тұрады.

Әр амалдың кемшіліктері бар. Мысалы, егер интеллекті оқуға қабілет ретінде қарстыруға болады, бір оқу нәтижесі тек қана интеллект деңгейіне емес көптеген факторларға тәуелді екендігі мәлім. Егер интеллекті абстракті ойлаумен байланыстырсақ, онда интеллект түсінігі шектеледі. Егер интеллектіні бейімделу процессі арқылы қарастырсақ, онда біз интеллекттің функциясын анықтаймыз, бірақ оның мәнісі белгісіз болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер